

Октябрьское ауылының көшелерін өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы Октябрьское ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 07 шілдедегі N 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 06 тамызда N 5-19-126 тіркелді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4 тармағына сәйкес, Октябрьское ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШЕМІН:**

1. Октябрьское ауылының көшелері төмендегідей өзгертілсін:
Советская көшесі - Дружба көшесіне, Пролетарская көшесі - Народная көшесіне.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Октябрьское ауылдық округінің әкімі Н. Голушко